

Есенжігітова Р.Ф.
**Корпоративтік әлеуметтік
жауапкершіліктің шетелдік
модельдері**

Бүгінгі таңда корпоративтік әлеуметтік мәселесі бизнес-қауымдастық өкілдерінің талдаулары мен пікір-таластарының ерекше тақырыбына айналып отыр. Халықаралық тәжірибеде КӘЖ тұжырымдамаларының, түсінігінің және модельдерінің көп болуы корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің құбылыс ретінде кең етек алуын айғақтайды. Компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің әртүрлі нысандары мен модельдерін қолдануын бірыңғай үрдіске айналдыру шарт емес. Әрбір компания нарықта қызмет ету мен даму жолдарын өзі таңдауы қажет. Дегенмен де, халықаралық тәжірибені білу және оны тарату жинақталған тәжірибені қолдануға және қандай да бір модельді енгізу мүмкіндігі мен салдарын бағалауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мақалада әр түрлі елдердің КӘЖ модельдері қарастырылады, оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтар айқындалады. Кәсіпорын қоғам мен мемлекеттің тиімді ықпалдасуын қамтамасыз етуге бағытталған, компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі ретінде КӘЖ ерекшелігіне көңіл бөлінген.

Түйін сөздер: корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, шағын және орта бизнес, мемлекеттік ынталандыру, бәсекелестік, қайырымдылық, демеушілік.

Esenzhygytova R.G.
**Foreign models of corporate
social responsibility**

Today, the topic of corporate social responsibility (CSR) is becoming more popular in the business community. The variety of existing concepts, approaches and models of CSR in the international practice shows about the extent, which has received the CSR as a phenomenon. The use of various forms of companies and CSR models can not be unified process. Each company has to choose their own path of development and strengthening of the market. However, the knowledge and dissemination of international experience gained can be used to evaluate the tools and the opportunity to impact and prospects of implementation of a particular model.

In this regard, the present article examines the CSR model in different countries, identify their similarities and distinctive properties. Particular attention is paid to the peculiarities of corporate social responsibility as one of the most important activities of the company, designed to ensure effective communication of the enterprise, society and the state.

Key words: corporate social responsibility, small and medium businesses, government incentives, charity, sponsorship, competitiveness.

Есенжигитова Р.Г.
**Зарубежные модели
корпоративной социальной
ответственности**

Сегодня тема корпоративной социальной ответственности (КСО) становится все более востребованной в деловом сообществе. Многообразие существующих концепций, подходов и моделей КСО в международной практике свидетельствует о масштабе, которое получило КСО как явление. Применение компаниями различных форм и моделей КСО не может быть унифицированным процессом. Каждая компания вынуждена выбрать свой путь развития и укрепления на рынке. Тем не менее, знание и распространение международного опыта позволяет использовать наработанный инструментарий и оценить возможность последствия и перспективы внедрения той или иной модели.

В связи с этим в настоящей статье рассматриваются модели КСО различных стран, выявляются их схожие или отличительные свойства. Особое внимание уделено особенности корпоративной социальной ответственности как одного из важнейших направлений деятельности компании, призванного обеспечивать эффективное взаимодействие предприятия, общества и государства.

Ключевые слова: корпоративная социальная ответственность, малый и средний бизнес, государственное стимулирование, благотворительность, спонсорство, конкурентоспособность.

**КОРПОРАТИВТІК
ӘЛЕУМЕТТІК
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ
ШЕТЕЛДІК
МОДЕЛЬДЕРІ**

Қазіргі қоғамдағы кәсіпкерліктің рөлі тек жұмыс орындарын ашу, материалдық құндылықтар жасау және кіріс алумен шектелмейді. Кәсіпкерліктің әлеуметтенуі, яғни әлеуметтік жауапкершілік саясатын ұстануы – әлемнің көптеген елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты тенденциясына айналған. Оған басты себеп – жаһандану үдерісінің және соның негізінде бәсекелестіктің дамуы, компания қызметінің іріленуі және оның ықпалының артуы, мемлекеттік реттеу тетіктерінің күшейуі, компаниялар арасында үздік мамандар үшін бәсекелестіктің болуы, қоғам белсенділігінің артуы, материалдық емес активтер рөлінің өсуі (бедел, абырой).

Бизнесті жүргізудің бірден-бір алғышартына айналған әлеуметтік жауапкершілік саясаты барлық ұйымдарда қолданылса да, ол бизнес – қауымдастықта корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) атауымен неғұрлым кең тараған. Негізінен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік термині жалпыға түсінікті, көпшілікке мәлім болғанымен бұл ұғымға әр түрлі әдебиеттерде әрқилы анықтамалар берілген. Солардың бірнешеуін келтіруге болады [1].

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік – қоғам мен бизнеске пайдасын тигізетін және бизнестің қоғамға оң ықпалын арттыру мен қоршаған ортаға қолайсыз әсерін төмендету арқылы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуды қамтамасыз ететін бизнестің әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесін насихаттау.

Тұрақты экономикалық дамуға, қызметкерлермен еңбек қатынастарына, жергілікті қауымдастыққа және жалпы қоғамға олардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында бизнестің үлес қосу міндеті.

Қоғам мүшелеріне, қауымдастыққа және қоршаған ортаға деген құрметке және этикалық нормаларға негізделген жолдар арқылы коммерциялық табысқа қол жеткізу жолдары.

Заң талаптарына қатысты қосымша іске асыратын және ұйымның негізгі қызметімен тікелей байланысты болатын қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалары бойынша дамуына ұйымның ерікті түрде үлес қосуы.

Жоғарыда келтірілген КӘЖ анықтамаларының бірқатар айырмашылықтарының бар екендігіне қарамастан, олардың түпкі

мәні бір және барлығының негізінде келесідей тұжырым жасауға болатындай ортақ ой жатыр:

қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қауіпкертер төндірмейтін қоғамның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу КӘЖ негізгі мақсаттарының бірін құрайтындығын білдіреді;

КӘЖ компания қызметкерлері, акционерлер, іскерлік әріптестер және жалпы қоғам мүшелерінен тұратын мүдделі топтардың мүдделерін ескеріп, олардың өмір сүру сапасын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Ол үшін шешімдер қабылдау мен іске асыру процесінде осы мүдделі тарап өкілдерінің ой-пікірлерін ескеру мақсатында олармен тығыз байланыста болу маңызды болып табылады.


Компанияларға шешімдер қабылдау барысында өз қызметтерінің қоғам мен қоршаған

ортаға әсерін басқаруға және ол үшін есеп беруге мүмкіндік беретін тек экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік және экологиялық факторларды ескеру керектігін көрсетеді.

Компанияларға өз қызметтері барысында әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алу олардың стратегиялық мақсаттарына неғұрлым тиімді жолдармен қол жеткізуге ықпал етеді, себебі қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыруға ұзақ мерзімді инвестициялар салуға мүмкіндік береді.

Осылайша бизнес өзінің қызметін қалыпты деңгейде сақтап қалуға, оны тұрақты дамытуға және қауіпсіздікке деген қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Жалпы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ішкі және сыртқы деп қарастырылады және оны 1-сурет арқылы келтіруге болады [3].



1-сурет – Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің ішкі және сыртқы түрі

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі шет елдерде тым ертеректе қалыптасқан және уақыт талабына сай дамып келе жатқан құбылыс. XX ғасырдың ортасында қалыптасқан кәсіпкерліктің әлеуметтік

жауапкершілік тұжырымдамасына сәйкес, кәсіпкерлік тек қоғамда қабылданған заң талаптарын сақтап және сапалы өнім өндіріп қана қоймай, сонымен қатар қоғам алдындағы қосымша міндеттерді де өз мойнына алып,

қоғам мүшелерінің өмір сапасын арттыруға өз үлесін қосуы қажет [2].

АҚШ бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін түсінгендердің алғашқыларына жатады. Ұзақ уақыт бойы, корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің тек американдық құбылыс екендігі жайлы пікірлер айтылып жүрді. Шындығында, бизнестің филантропия және ерікті көмек көрсету дәстүрі АҚШ-та сонау 19 ғасырда кең тараған. Америка бизнестің қоғамды әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша көптеген механизмдерін жасап шығарды, мысалы: бизнестің есебінен алуан түрлі әлеуметтік бағдарламаларды шешуге бағытталған шексіз корпоративті қорлар саны. Американың кәсіби мектебі, бәріне белгілі жеке сектормен қаржыландырылады, ал бұндай жүйе әлемнің еш бір елінде жоқ (дегенмен, білім беру, денсаулық сақтау, және өзгеде әлеуметтік маңызды аумақтардың мемлекет тарапынан қаржыландырылатын жүйе қалыптасқан елдермен салыстырмағанда). Корпорацияның қоғам алдындағы әлеуметтік жауапты ісі тиісті салықтық жеңілдіктермен және заңды деңгейде бекітілген шегерімдермен ынталандырылады. АҚШ үшін мемлекеттің жеке секторға мүмкіндігінше аз араласуы тән. Бұған қарамастан, Америка дәстүрлі түрде бизнесімен және оның өкілдерінің алуан түрлі коммерциялық емес жобаларды жүйелі түрде қаржыландыруымен белгілі.

Еуропадағы континентальды корпоративті әлеуметтік жауапкершілік моделі. Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің европалық моделі компания әрекетінің ашық бағыты бола алмайды. Керісінше, АҚШ-та корпоративті әлеуметтік жауапкершілік ретінде дәстүрлі түрде қарастырылатын корпоративті әрекет (яғни, бизнес-қауымдастықтың өз ұсынысымен жүргізілетін), Еуропада ережеге сай елдің тиісті заңдары, стандарттары және нормаларымен реттеліп отырады. Еуропада қайырымдылық қызметі АҚШ-пен салыстырғанда аса кең тарамаған. Бұл Еуропада Америкамен салыстырғандағы салық ауырпалығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде, европалық компаниялар филантропиялық акцияларға заңды бекітілген механизмдер арқылы ғана қатысады. Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің континентальды моделінің ең негізгі ерекшелігі – оның мемлекеттік тарапынан реттеліп отыруы. Сондықтан, бұл модельді әлеуметтік жауапкершіліктің жасырын түріне жатқызады. Континенттің көптеген елдерінде міндетті медициналық сақтандыру және жұмысшылардың

денсаулығын қорғау, зейнетақы жүйесін реттеу және тағы басқа әлеуметтік маңызды мәселелер заңды түрде бекітілген. Сонымен қатар, Еуропада жұмысшы-жұмыс беруші құқықтық қатынастары АҚШ-қа қарағанда, аса жіті реттелген[2].

Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің британдық моделі.

Ұлыбританияда КӨЖ америкалық және континентальды модельдердің элементтерін біріктіреді. Континентальды модельмен ұқсастығы, ең алдымен мемлекет тарапынан бизнестің белсенді қолдауға ие болуы. Британия жақсы қалыптасқан мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау жүйелерімен ерекшеленеді.

Британдық үкіметтің белсенді рөлі өз қызметін әлеуметтік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және қызметкерлермен қарым-қатынасында айқын жариялайтын компанияларды қолдау саясаты арқылы көрінеді. Бірқатар заңнамалық актілер іскерлік этика тұрғысынан, әсіресе электр энергиясын тиімді қолдану, өндіріс қалдықтарының қайта өңделуі мәселесінде өз қызметін әлеуметтік жауапты жүргізетін компаниялар үшін салық салымында жеңілдіктер қалыптастырады.

Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің континентальды та, британдық та моделі үшін жалпы тенденция, олардың жасырын формадан ашық модельге біртіндеп өтуі болып табылады.

Әлеуметтік жауапкершіліктің азиаттық (жапондық) моделі. Жапониядағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік елдің мәдени дәстүріне негізделген. КӨЖ азиаттық моделі компания деңгейінде әлеуметтік, ал индустриялық топ деңгейінде іскерлік ынтымақты білдіреді. Бұл модельге бизнесті стратегиялық тұрғыдан жоспарлауға белсенді түрде қатысатын мемлекеттің рөлінің артуы тән. Жапондық көзқарас тұрғысынан бизнесті басқару тек ұйымдастырушылық даму және пайда табумен шектелмеуі тиіс. Ол қоғамды, қоршаған ортаны қабылдау философиясына, қоғам алдындағы өзінің жауапкершілігін сезінуге және жалпы өркениеттің дамуына ұмтылыс жасауға негізделуі тиіс. Сонымен қатар, аталмыш модельге кәсіпорынға «өндірістік отбасы» ретінде қарау тән. Компания қызметкері осындай отасының бір мүшесі болып табылады, демек оның жауапкершілігі мен құқықтары атқаратын еңбек міндеттерінің шеңберінен шығып кетеді. Өз кезегінде корпорация қызметкерге оның бүкіл өмір жолында қолдау көрсетеді: баспана

алу мәселесін шешеді, баланың тууына, баланы мектепте оқытуға байланысты қаржылай көмек көрсетеді, корпорациялық зейнетақы төлеуде дарқандық танытады. Азиаттық модель шеңберінде әлеуметтік жауапкершілікті түсіну еңбек ақыны төлеу және қызмет бабымен жоғарылау барысында «өмір бойы жалдану» тәртібімен, «үлкендік жол» қағидасымен ерекшеленеді. Мұндай модельдің көптеген тетіктері заң жүзінде бекітілмеген, бірақ іс жүзінде көптеген ірі компаниялар қолданатын әлеуметтік заңдылық болып табылады.

Сонымен, халықаралық тәжірибеде КӘЖ

тұжырымдамаларының, түсінігінің және модельдерінің көп болуы корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің құбылыс ретінде кең етек алуын айғақтайды. Елдердің және жеке компаниялардың КӘЖ бағытында жинақтаған тәжірибесінің көп ғасырлық тарихы бар. КӘЖ ұзақ уақыт бойы пікірталас тудыратын тақырыпқа айналуы, компанияның әлеуметтік жауапкершілігі – бұл жеке меншік институты қалыптасуының ажырамас бөлігі, компанияның бәсекеге қабілеттілігі және қоғамның ұзақ мерзімді тұрақтылығы деп айтуға негіз болады.

Әдебиеттер

- 1 Корпоративная социальная ответственность. Новая философия бизнеса. Внешэкономбанк. Учебное пособие.- Москва, 2011. 56 стр.
- 2 Корпоративная социальная ответственность в Европе: что нужно знать предпринимателю, выходящему на Европейские рынки. Пермь, 2014, 37 стр.
- 3 Бакша Н.В., Данилюк А.А. Корпоративная социальная ответственность. Учебное пособие. – Тюмень, 2012, с.112.

References

- 1 Korporativnaya social responsibility . New business philosophy. Vnesheconombank . Study posobie. – Moscow, 2011.56 p.
- 2 Korporativnaya social responsibility in Europe : what you need to know businessman looking out onto European markets . Permi 2014, 37 p.
- 3 Baksh NV, A. Danyluk Corporate Social Responsibility . Training allowance. – Tyumen, 2012, p.112 .